

Сатып алу қызметін басқару

GRI 3-3

Басқару тәсілі

Тұрақты сатып алу жүйесін құру және дамыту біздің компанияның маңызды және басым міндеттерінің бірі болып табылады. Ол үшін біз құжаттарымызды үнемі жетілдіріп отырамыз, инновациялар енгіземіз, сатып алу процесін автоматтандырамыз және өз қызметкерлерімізді оқытамыз.

Компанияның сатып алу қызметі қағидаттарға негізделген:

- қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
- коммерциялық құпияға өнім берушілердің құқықтарын және/немесе заңды мүдделерін сақтай отырып (теңдер қорытындысы шығарылғанға дейін) жайдарлық пен ашықтық;
- адал бәсекелестік және қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу;
- сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- егер бұл Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмесе, отандық тауар өндірушілерді жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге қолдау көрсету;
- инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;
- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау.

Компанияның сатып алу қызметін реттейтін құжаттар:

- «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» ҚР Заңы¹⁷.
- «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі¹⁸.

Сатып алу рәсімдерін жетілдіруді сатып алу жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Өнім берушілермен және әлеуетті өнім берушілермен өзара қатынастар Заңға және тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады, шарт жасалғаннан кейін өзара қатынастар азаматтық заңнамамен және шартпен реттеледі. Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің (ТЖҚ) сапасына қойылатын барлық талаптар техникалық ерекшелікте және шартта белгіленеді. Шарттар міндетті түрде елішілік құндылық үлесі бойынша есептілікті, айыппұл санкцияларын және өзге де есептерді ұсынуды көздейді.

Сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен тиімділігінің деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық сатып алулары сатып алу рәсімдерін жүргізуге, есептілікті жинауға, өнім берушілердің бағалауы мен біліктілігіне арналған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу веб-порталында өткізіледі (zakup.sk.kz).

¹⁷ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі 2022 жылдың 3 наурызындағы № 193 хаттама.

¹⁸ «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылдың 8 маусымындағы №47-VII ҚРЗ Заңы.



111

Импортты алмастыру бағдарламасы

Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қойған ұлттық экономиканың дамуын ынталандыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді орындау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ өнеркәсіптің қайта өңдеу салалары саласында бәсекеге қабілетті жаңа отандық өндірістерді құру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қор тұрақты негізде Қор тобы сатып алатын тауарларды им-

портты алмастыруға бағдарланған жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын (импортты алмастыру) (бағдарлама) іске асырады.

Бағдарлама тауарларды сатып алу туралы офтейк-келісімшарттар жасасуды көздейді. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2023 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеден астам 11 офтейк-келісімшарт жасалды.


GRI 2-6

Сатып алуды санатты басқару

Сатып алу санаттарын басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді. Сатып алу-ды санатты басқару тұжырымдамасы ең заманауи және үнемді шешімдерді таңдауға мүмкіндік беретін тікелей сатып алу шығындарын ғана емес, оны иеленудің бүкіл өмірлік циклі бойында ТЖҚ санатының шығындарын төмендету — иеленудің жиынтық құнының көрсеткішін төмендетуге негізделген. Сатып алу қызметіне енгізілетін өзгерістер Сатып алынатын ТЖҚ-ның сатып алу бағасы мен сапасына оң әсер етеді, сондай-ақ отандық тауар өндірушілердің дамуына ықпал етеді.

Мысалы, «шиналарды» сатып алу санаты бойынша сатып алу санаттық стратегиясын іске асыру шеңберінде «Богатырь Көмір» ЖШС бөлінісінде аршылған жыныстар мен көмірді тасымалдау кезінде тартылатын карьерлік самосвалдарға орнатылатын ірі габаритті шиналарды сатып алу жүзеге асырылады. 2023 жылы ең жоғары кепілдік жүрілген ірі габаритті шиналарды сатып алу жүзеге асырылды, бұл карьерлік самосвалдардың тоқтап қалуын және шиналарды ауыстыру жиілігін төмендетуге мүмкіндік берді. Бұл бастама сапалы шиналарды оңтайлы бағамен сатып алуға ғана емес, сонымен қатар жоғары пайда әлеуетіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттық стратегияларын енгізу кезеңінде 5,6 млрд теңге мөлшерінде нақты экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.



GRI 204-1, GRI 12: Coal Sector: 12.8.6

2023 жылы жергілікті
жеткізушілерден сатып алу¹⁹

98% құрады

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жеткізушілердің үлесі

Көрсеткіш	Барлығы	Жергілікті жеткізушілер
Жеткізушілер саны, дана	3 898	3 836
Сатып алу сомасы, млрд теңге	269	263

Жеткізушілермен компаниялар тобы бойынша жасалған шарттардың сомасы, млн теңге

Көрсеткіш	Сомасы, млрд теңге	Жергілікті жеткізушілердің үлесі, %
Бір көзден алу тәсілімен жүргізілген сатып алулар	144	53
Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілген сатып алулар	12	4
Ашық тендер тәсілімен өткізілген сатып алулар	113	42

¹⁹ Компания өз қызметін Қазақстан аумағында жүзеге асырады, демек, Қазақстан Республикасы маңызды қызмет орны болып табылады. «Жергілікті» деп компания қатысудың тиісті аумағын білдіреді.



Жеткізілген ТЖҚ – дағы елішілік құндылық (жергілікті қамту) үлесі²⁰ (бұдан әрі-ЕҚҰ), млрд теңге

Көрсеткіш	2020		2021		2022		2023	
	жет-кізудің жалпы сомасы	% ЕҚҰ	жет-кізудің жалпы сомасы	% ЕҚҰ	жет-кізудің жалпы сомасы	% ЕҚҰ	жет-кізудің жалпы сомасы	% ЕҚҰ
Тауарлар	168,78	79	187,63	89	174,89	78,42	145,78	66
Жұмыстар мен қызметтер	104,66	79	144,45	93	127,06	93	207,57	92
Барлығы	273,44		332,08		301,95		353,35	81

Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің төмендеуі "ЖЭК қолдау жөніндегі ЕАҚО" ЖШС атынан электр энергиясын Бірыңғай сатып алушының моделін енгізумен және сатып алудың жалпы көлемінен қазақстандық электр энергиясын бөлудің мүмкінсіздігімен байланысты. Осылайша, ЕҚҰ бойынша деректер ерекше тәртіпті (электр энергиясын) қолдана отырып, сатып алусыз ұсынылған.

²⁰ Елішілік құндылықтың (жергілікті қамтудың) үлесі — осы Шарт бойынша жалпы еңбекақы төлеу қорынан сатып алу туралы шартты орындауға тартылған Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегіне ақы төлеу құнының және (немесе) резиденттердің жеткілікті қайта өңдеу немесе толық өндіру өлшемдеріне сәйкес тауарда (тауарларда) белгіленген елішілік шығарылған үлестің (үлестердің) құнының пайыздық мазмұны Сатып алу туралы шарт бойынша тауардың (тауарлардың) жалпы құнынан.